

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№3(128)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Арыққарақызы Е. Түрік ақыны Гүлай Сормагештің поэзиясы (Балалар туындыларының ерекшелігі)</i>	<i>8-14</i>
<i>Баекенова А., Тұрысбек Р. Эпистолярлық мұра: хаттар мен хаттасулар (Сәбит Мұқанов жазбалары негізінде)</i>	<i>15-22</i>
<i>Қожашев М. Жамбылдың айтыс өнері: синкреттілік пен шеберлік</i>	<i>23-29</i>
<i>Мусайева И. Әзербайжан классикалық әдебиетіндегі роман жанрының генезисі</i>	<i>30-43</i>
<i>Назарова А., Мансұров Н. «Мифологем» терминінің этимологиялық сипаты</i>	<i>44-50</i>
<i>Рысқұлбекова С., Дүйсенгазы С. Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдісі</i>	<i>51-58</i>
<i>Сыдықбаева А., Аймұхамбет Ж. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизм көрінісі (Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі бойынша)</i>	<i>59-67</i>
<i>Тебегенов Т., Қожашев М. Жамбыл - Ұлы дала жыршысы</i>	<i>68-73</i>

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдуова Б. Маманның кәсіби тілдік құзыреттілігі: дерек пен бағдар</i>	<i>74-82</i>
<i>Ержуманова А., Елубай А. Ағылшын тіліндегі Indefinite аспектісі: диахрония мен синхронияда дамуы</i>	<i>83-91</i>
<i>Жұмағұлова В., Кәрімова Б. Қоғамдық санаға ықпал етудегі БАҚ-тың лингвокогнитивтік мүмкіндіктері</i>	<i>92-99</i>
<i>Исенова Ф. Студенттердің жазбаша құзыреттілігін қалыптастырудағы академиялық эссе және оның рөлі</i>	<i>100-106</i>
<i>Құсайынова Ж. Синтаксистік құрылымдағы актуалдану, деактуалдану құбылыстарының грамматикалық заңдылықтарға ықпалы</i>	<i>107-114</i>
<i>Логонова М., Жарқынбекова Ш. Гуманитарлық білім парадигмасындағы «нарратив» түсінігі</i>	<i>115-128</i>
<i>Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері</i>	<i>129-136</i>
<i>Осокина Д., Мұрзалина Б. Ретроним – жаңа ағылшын терминдерін жасаудың амалы</i>	<i>137-145</i>
<i>Сарекенова Қ., Тұрарханова Қ. Қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері</i>	<i>146-152</i>
<i>Шахпұтова З., Нуртазина М. Лингвистиканың бинарлық қарама-қарсылықтары – әлемнің тілдік бейнесіндегі концептуализация тәсілі</i>	<i>153-164</i>

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Arikkarakzy E.</i> Poetry of the Turkish poet Gulay Sormagech (Features of children's works)	8-14
<i>Bayekenova A., Turysbek R.</i> Epistolary Heritage: Letters and Correspondence (based on correspondence of Sabit Mukanov)	15-22
<i>Kozhashev M.</i> Zhambul's Improvisational Art: Syncretism and Word Mastery	23-29
<i>Musaeva I.</i> Genesis of the Novel in Classical Azerbaijani Literature	30-43
<i>Nazarova A., Mansyrov N.</i> Etymological Characteristics of the Term «Mythologeme»	44-50
<i>Ryskulbekova S., Duysengazy S.</i> Independence of Tolgau: Fundamentals and Current Trends	51-58
<i>Sydykbaeva A., Aimukhambet Zh.</i> Manifestation of Anthropomorphism in Modern Kazakh Story (based on Askar Altai's story «Centauri»)	59-67
<i>Tebegenov T., Kozhashev M.</i> Zhambyl - Poet of the Great Steppe	68-73

Linguistics and methodics

<i>Abduova B.</i> Professional Language competence: Facts and Direction	74-82
<i>Erzhumanova A., Elubai A.</i> English Indefinite Aspect: Development in Diachrony and Synchrony	83-91
<i>Zhumagulova V., Karimova B.</i> Linguo-Cognitive Opportunities of Mass Media in Manipulating Public Consciousness	92-99
<i>Issenova F.</i> Academic Essay and Its Role in the Formation of Students' Written Competence	100-106
<i>Kussaiynova Zh.</i> Influence of Actualization and Deactualization Phenomena on Syntactic Laws	107-114
<i>Loginova M., Zharkynbekova Sh.</i> The concept of «narrative» in the paradigm of humanitarian knowledge	115-128
<i>Mamayeva G.</i> Single-rooted Turkic terms	129-136
<i>Ossokina D., Murzalina B.</i> Retronym as a Mean of Formation of New English Terms	137-145
<i>Sarekenova K., Turarkhanova K.</i> Features of Phraseological Units Related to Human Respiratory System in Kazakh and Turkish	146-152
<i>Shakhputova Z., Nurtazina M.</i> Linguistic Binary Oppositions As a Way of Conceptualization of Linguistic World View	153-164

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Арыккарақызы Е.</i> Поэзия турецкого поэта Гулая Сормагеча (Особенности детских произведений)	8-14
<i>Баекенова А., Турысбек Р.</i> Эпистолярное наследие: письма и переписки (по материалам переписки Сабита Муканова)	15-22
<i>Кожашев М.</i> Импровизаторское искусство Жамбыла: синкретизм и мастерство слова	23-29
<i>Мусайева И.</i> Генезис романа в классической азербайджанской литературе ...	30-43
<i>Назарова А., Мансуров Н.</i> Этимологическая характеристика термина «мифологема»	44-50
<i>Рыскулбекова С., Дуйсенгазы С.</i> Толгау независимости: основы и современные тенденции	51-58
<i>Сыдыкбаева А., Аймухамбет Ж.</i> Проявление антропоморфизма в современном казахском рассказе (По рассказу «Кентавр» Аскара Алтая)	59-67
<i>Тебегенов Т., Кожашев М.</i> Жамбыл – поэт Великой степи	68-73

Лингвистика и методика

<i>Абдуова Б.</i> Профессиональная языковая компетентность: факты и направление ...	74-82
<i>Ержуманова А., Елубай А.</i> Indefinite аспект английского языка: развитие в диахронии и синхронии	83-91
<i>Жумагулова В., Каримова Г.</i> Лингвокогнитивные возможности СМИ в воздействии на общественное сознание	92-99
<i>Исенова Ф.</i> Академическое эссе и его роль в формировании письменной компетенции студентов	100-106
<i>Кусаинова Ж.</i> Влияние явлений актуализации, деактуализации на синтаксические закономерности	107-114
<i>Логинова М., Жаркынбекова Ш.</i> Понятие «нарратив» в парадигме гуманитарного знания	115-128
<i>Мамаева Г.</i> Однокорневые тюркские термины	129-136
<i>Осокина Д., Мурзалина Б.</i> Ретроним как средство образования новых английских терминов	137-145
<i>Сарекенова К., Турарханова К.</i> Особенности фразеологических единиц, связанных с системой дыхания человека на казахском и турецком языках	146-152
<i>Шахпуртова З., Нуртазина М.</i> Лингвистические бинарные оппозиции как способ концептуализации языковой картины мира	153-164

XFTAP 16.21.43

Жайнагүл Құсайынова

С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhaina-1972@mail.ru)

Синтаксистік құрылымдағы актуалдану, деактуалдану құбылыстарының грамматикалық заңдылықтарға ықпалы

Аңдатпа. Мәтін аясында грамматикалық заңдылықтардың бірі екіншісіне әсер ете отырып, ішкі байланыста қозғалатыны белгілі. Сондықтан бүгінде сөйлеу тілінің қажеттілігіне сәйкес табиғи түрде қалыптасатын грамматикалық заңдылықтардың пайда болуы салыстыра зерттеуді қажет етеді. Ұсынылған ғылыми мақалада бірнеше грамматикалық заңдылықтарға ықпалы бар актуалдану, деактуалдану құбылыстарының ерекшелігі, синтаксистегі басқа заңдылықтарға әсері талданған. деактуалдану құбылысы нәтижесінде синтаксистік бірліктердің орын тәртібінің өзгеруі, сөйлем мүшелерінің ықшамдалуы немесе сөйлем құрамынан оқшаулануы пайда болатыны дәлелді мысалдармен сараланған. Нәтижесінде, деактуалданған орындағы сөйлем мүшелерінде сатылы грамматикалық өзгерістер пайда болып, бір орынды, жарыспалы инверсия, ықшамдалу заңдылықтарының және оған ілесе бір құрамды сөйлемдер мен мүшеленбейтін сөйлем түрлерінің қалыптасатыны дәлелденген. Олардың мәтін аясындағы грамматика-стилистикалық қызметтері сараланған.

Түйін сөздер: актуалдану құбылысы, деактуалдану құбылысы, синтаксистік заңдылықтар, грамматикалық байланыс, инверсия, тілдік ықшамдалу

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-107-114>

Кіріспе. Тіл біліміндегі синтаксистік заңдылықтардың қалыптасуына әсері бар актуалдану, деактуалдану құбылыстарының маңызы зор. Актуалдану, деактуалдану әсерінен грамматикада инверсия, ықшамдалу құбылыстары және толымсыз сөйлемдерден тарайтын бір құрамды сөйлемдер, мүшеленбейтін сөйлем түрлері бірі екіншісіне әсер ете отырып көрініс береді, қалыптасады. Мәселен, сөйлемдегі айтылатын ойдың тема, ремалық жігіне сәйкес рема жүгін арқалап тұрған, ақпараттың маңызды бөлігін даралайтын сөйлем мүшелері актуалды позицияда дараланып, тұрақты орынды иеленсе, деактуалданған сөйлем мүшелері еркін орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Сөйлем мүшелерінің деактуалдануы кезінде синтаксистік бірліктердің орын тәртібін өзгертуі, сөйлем мүшелерінің ықшамдалуы немесе сөйлемнен оқшаулануы пайда болады. Бірақ мұндай құбылыстар ретсіз жүйеленбейді. Бірнеше синтаксистік бірліктердің ішінде ақпараттың маңызды деген бөлігінің қызметін атқаратын негізгі грамматикалық бөліктер ой екпіні түсіп дараланады да, мақсатты түрде актуалды позицияға жылжиды. Ал деактуалданған орындағы сөйлем мүшелерінде сатылы грамматикалық өзгерістер пайда болады. Бір ескеретін жайт: деактуалдану әсерінен пайда болатын грамматикалық ерекшеліктер де коммуникативтік қарым-қатынастың барлық қырының дамуымен байланыста пайда болған деп түйіндеуге болады. Мұнда субъектаралық танымдық деңгей, жағдаятты екі жақтың қатар меңгеруі, коммуникативтік субъектінің психологиялық жай-күйі ескеріледі.

Мәселен, актуалдану құбылысының әсерінен пайда болатын ықшамдалу көрінісінің себептерін коммуникативтік қарым-қатынастың жоғары танымдық деңгейде жүзеге асуымен, ойдың мақсатты деген тұсын даралау ниетімен, тілдік бірліктердің күрделі жүйе түзіп, бірін екіншісінің толықтырып тұру ықпалынан іздеген орынды.

Сонымен қатар, деактуалдану құбылысының көрінісін мәтінде немесе мәнмәтінде үнемі көрініс беріп отыратын, мәтіндегі ақпараттық кешеннің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене отырып қалыптасатын, мәтінтүзуші құбылыс ретінде де қабылдауға болады. Жоғарыда ай-

тып өткеніміздей, деактуалдану әсерінен қалыптасатын инверсия, ықшамдалу құбылыстары бір бірімен байланысты. Біздің ойымызша, өзара салыстырылған инверсия, ықшамдалу құбылыстарының ішінде актуалдану, деактуалданудың әсері әуелі инверсияға ықпал етеді. Мәселенің зерттелуі. Актуалдану, деактуалдану әсерінен қалыптасқан тіл біліміндегі инверсия құбылысы немесе тілдегі синтаксистік бірліктердің орын ауыстыру ерекшелігі бірнеше еңбектерде сөз болып, әр қырынан сипатталған.

Бұған қатысты теориялық мәселелерді Қ. Жұбанов арнайы талдап, бірнеше мақала төңірегінде ғылыми тұжырымдарын жариялаған. Автор сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібі мен инверсиялану құбылысын салыстыра баяндап көрсетеді. Сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруын қолданылу орнына қарай: ұранды сөйлемдер, төл сөзді сөйлемдер және өленді сөйлемдер деп жіктейді. Қ. Жұбанов анықтауыштың анықтайтын сөзінің соңында кездесіп, инверсияланып қолданылуын да орынды салыстырады. Бұған ғалымның келтірген мысалдары айқын дәлел болады. Зерттеуші тілімізде қолданылатын «күн ұзаққа» тіркесінің құрамындағы сыңарлардың керісінше «ұзақ күн» болып орналасуы керектігін ескертеді [1, 61 б.]. Автордың сөз тіркесі сыңарларының орын ауыстырып қолданылуына қатысты ғылыми тұжырымдары тілдегі лексикалану үдерісіне де орын ауыстыру құбылысының әсері болатынын аңғартады.

Белгілі ғалым Р. Әміров те: «Сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің өзгеруі сөйлемнің ой екпінін түсіру (актуализация) мақсатына байланысты. Актуализация сөйлеу үстінде көп ескерілетін талап болғандықтан, оны жүзеге асырудың тұрақты тілдік амалдары қалыптасқан. Солардың бір амалы – сөйлемнің белгілі позициясы. Актуализация тұрғысынан көзге түсетін екі позиция бар: бірі – ой екпінін түсіретін актуалды позиция, екіншісі – елеусіз мүшені қоятын қалтарыс позиция», – дей келе [2, 162 б.] инверсиялық құбылыстың себебін аталған грамматикалық заңдылықпен байланыстыра қарайды.

Мәселенің өзектілігі. Дегенмен бұл еңбектерде аталған құбылысты мәтін аясында басқа заңдылықтармен байланыстыра талдамаған. Яғни, орын ауыстыру заңдылығының тікелей әсер етуінен тілде қалыптасатын ықшамдалу құбылысының және әр түрлі құрылымдағы жай сөйлемдердің қалыптасу ерекшеліктері және осы құбылыстардың ішкі байланысынан көрініс табатын грамматика-стилистикалық қызметтері тереңірек сараланбайды. Бұл құбылыстардың бір-біріне әсер ете қозғалысын, грамматикалық заңдылықтардың ішкі ықпалдасуын төмендегі теориялық талдаулар нәтижесінде сипаттап, инверсиямен ішкі байланыста болып, сатылана қалыптасатын ықшамдалу құбылысының және оның ықпалымен орныққан бір құрамды, мүшеленбейтін сөйлемдердің маңызын, олардың мәтін аясында атқарар функциясын кеңітуге қосар үлесін саралауға болады.

Мәселенің талдамасы. Жалпы, инверсияның тілдегі грамматикалық заңдылықтарға әсері ықпалды. Сөйлеу тілінде сөйлем құрылымындағы сөйлем мүшелерін қалыпты қолданыстағыдай өзгертпей, өз орнымен жұмсауға немесе субъектінің сөйлеу кезіндегі көздеген мақсатына орай құрылымын жаңарта қолдануға да болады. Сөйлем құрылымындағы сөйлем мүшелерінің синтаксистік орнын сөйлеушінің ішкі көзқарасы мен эмоциясын шынайы жеткізу үшін немесе таза грамматикалық қажеттілікке сай өзгертеміз.

Бүгінде әбден орнығып, жеке заңдылық ретінде танылып жүрген ықшамдалу құбылысы бір сөйлем мүшесінің шартты түрде сөйлем құрылымынан ығыстырылуынан бастау алып, бірнеше сөйлем мүшелерінің бір мезгілде параллель ығысуын қамтыған күрделі құрылымымен көзге түседі. Осындай ерекшелігіне қарай сөйлем мүшелерінің ықшамдалуын қарапайым ықшамдалу және күрделі ықшамдалу деп жіктеуге болады.

Ықшамдалудың қарапайым түрінің пайда болуын үнемі стилистикалық мақсатпен байланыстыра алмаймыз. Біздің ойымызша, грамматикалық мақсаттағы ықшамдалудың қалыптасуына, ең әуелі, орын ауыстыру заңдылығы аясында айтылып жүрген актуалды және қалтарыс позицияның әсері басым. Бұл ерекшелік – ықшамдалудың қалыптасуына

әсер ететін негізгі грамматикалық ықпал. Мұнда, әсіресе, актуалды позицияның маңызын, орнын ерекше сипаттауға болады. Актуалды позицияның белгілі бір сөйлем мүшесін жоғары дауыс тонымен даралап, сөйлеу кезіндегі ой екпінінің қажетін, астарын реттеп тұратын рөлі бар. Бірақ кез келген сөйлем мүшесі актуалды орында тұрмайды. Яғни, сөйлеудегі субъекті мақсатын, жаңа ақпаратты ашуға тірек болатын сөйлем мүшелері ғана маңызды орынды иеленеді. Актуалды позицияның осындай күші сөйлем құрылымындағы сапалы өзгерістердің сатылай көрініс беруіне тікелей әсер етеді. Сондықтан үнемдеу немесе ықшамдалу құбылысының ішкі құрылымын қалыптастыруға актуалды позицияның ықпалы зор. Нақтырақ айтсақ, актуалды позициядағы сөйлем мүшесі тұрақты қалпын сақтаса, қалтарыс позициядағы сөйлем мүшелері жиі ықшамдалады.

Мұның өзі қажеттіліктен, белгілі мақсатпен жүзеге асады. Өйткені мәнмәтіндегі немесе сөйлемдегі белгілі бір сөйлем мүшесінің түсіріліп қалуы рема қызметін атқарып тұрған сөйлем мүшесінің синтаксистік құрылымдағы маңызын айқындайды. Яғни, грамматикадағы толымсыздық – тема, ремалық жікті айқын даралаудан қалыптасқан қажеттілік. Тілтанушы ғалым А. Байтұрсыновтың сөйлем мүшелерінің «керек болуы» мен «керек болмауы» деген пікірінде актуалдану және деактуалдану құбылыстарының грамматикалық орнын, қажеттілігін ескергені байқалады [3, 256 б.].

Сөйлем аясындағы ықшамдалу заңдылығының ішкі құрылымы қалтарыс позициядағы сөйлем мүшелерінің бірте-бірте ығысу нәтижесінде қалыптасқанын ескеру орынды. Мәселен, ойды жеткізуде маңызы жоқ қалтарыс позициядағы сөйлем мүшелері төмендегі ретпен ықшамдалуы мүмкін. *Біріншіден*, қалтарыс позициядағы бастауыш ықшамдалады. Мысалы: Соңымнан бір қалсайшы (М. Ә.). Әлде, тіпті, аман да шығармын (Е. Д.). Тарт енді артымнан (Е. Д.). *Екіншіден*, қалтарыс позициядағы толықтауыш ықшамдалады. Мысалы: Төлеп шу-шулап қинаған жоқ, тізгінін ірікпей, өз еркіне салып қойып отыра берді (М. А.). *Үшіншіден*, маңызсызданған анықтауыш ығыстырылады. Мысалы: Әй, Науан-ай, әншейін жұбатқың келеді ғой (Е. Д.). *Төртіншіден*, ой екпіні түспеген, қалтарыс орындағы пысықтауыш ықшамдалады. Мысалы: Улықтырдың, бүлдірдің сен бізді (Е. Д.). *Бесіншіден*, маңызсызданған баяндауыш ықшамдалу құбылысына бағынады. Мысалы: Қап, ашу алдынан, ақыл соңынан (Е. Д.). Міне, осындай сапалы өзгерістер үнемдеудің сатылы қалыптасқан грамматикалық жүйесінің құрылымынан хабардар етеді.

Бүгінгі ғылыми еңбектерде толымды сөйлемдер мен толымсыз сөйлемдерді теңестіру, теңестірмеу мәселесі де айтылып жүр. Біздіңше, сөйлеу тілінде толымды, толымсыз құрылымдар – тең дәрежелі қолданыстар. Өйткені қазіргі лингвистикада бұл сөйлемдердің тиянақтылығы мәнмәтін деңгейінде салыстырылып, айтылған ақпаратты барынша түсінікті етіп жеткізу қабілетімен өлшенетіні белгілі. Құрылымдық жақтан толымды сөйлемдер деп қабылданатын синтаксистік бірліктердің өзі мағыналық жақтан мәтінмен толықтыруды қажет етеді. Мәселен, сөйлем мүшелерінің барлық құрамы түгелденгенімен, кейде белгісіз жақты сөйлемдерде семантикалық толымсыздықтың орын алғанын көрсетеді. Бұл – толымды сөйлемдердің мәтінге, мәнмәтінге тәуелділігінің бір көрінісі, әрі толымды сөйлем мен толымсыз сөйлемнің құрылымдық деңгейін теңестіретін бір тұсы. Толымды сөйлем мен толымсыз сөйлемдерді теңестіретін грамматикалық белгі – коммуникативтік мақсаттарды тең дәрежеде атқара алу қабілеті. Бұл салыстырулар да көрсетілген құрылымдағы сөйлемдерді теңестіреді, яғни олардың грамматикадағы теңесетін орнын белгілейді. Сондықтан «сөйлемнің толымдылығы мен толымсыздығы да абсолютті емес, салыстырмалы түрде алынған ұғым деп қарау жөн. Өйткені сөйлемге құрылымдық қана емес, коммуникативтік тұрғыдан қарасақ, қарым-қатынас үстінде адам кез келген зат не құбылыс туралы бар керегінше толық хабар, мағлұмат алуға тырысады. Ал мұндай барынша толық хабарды бір сөйлемнің ішіне сыйғызу қиын, тіпті, мүмкін емес. Сондықтан толымды хабар, негізінде, синтаксистік күрделі бірлікпен, мәтінмен тиянақталады» [4, 7 б.].

Сөйлем құрылымындағы ықшамдалу немесе сөйлем мүшелерін үнемдеу коммуникативтік актіде екі жақтың да, яғни адресат пен адресанттың, ішкі қабылдауында үнемі көрініс беріп, ойды жеткізуге нұқсан келмеген жағдайда ғана жүзеге асады. Қалтарыс орындағы сөйлем мүшелерінің ығысуын Ж. Баймұрынов жан-жақты талдай келе: «Сөйлеу әрекеті өзгермелі. Сөйлеудің икемділігіне қарап тілді біреу, ал сөйлеуді бірнешеу деп қарауға болады. Ақпаратты адресат толық қабылдау үшін адресантта тілдік бірліктерді таңдау еркі бар. Бұл тұста адресант адресаттың дүниетанымымен үздіксіз байланыста болып, үнемі санасып отырады. Және ақпаратты тасымалдауға қажетті деген сөздерді ғана қолданып, өз ұйғарымы бойынша маңызсыз деп тапқандарынан «аттап» кетіп отырады. Алайда бұл – сөйлемнің ұзақ я қысқалығын белгілемейді. Сөйлеу үлкен психологиялық сараптауды қажет етеді. Сондықтан коммуниканттар коммуникативтік актіде сөйлеу тіліне тән басқаша норманы, толымсыз сөйлемдерді, анағұрлым белсенді қолданады. Толымды және толымсыз сөйлемдер де жарыққа шыққанға дейін адресанттың сараптауына түсіп шындалып, коммуникативтік мақсатқа жауап берерліктей дәрежеде мақұлданады. Демек, әрбір сөйлеу және оның нәтижесі сөйлем – белгілі бір дайындықтың қорытындысы» деген тұжырым жасаған [5, 6-7 б.].

Ықшамдалудың қарапайым түрінде сөйлем мүшелерінің ығыстырылу себебін мән-мәтіндегі тілдік бірліктердің логика-семантикалық байланысы астарынан да іздеу орынды. Яғни, бір синтаксистік құрылым екінші синтаксистік құрылыммен сатылы мағыналық байланыста болып, семантикалық байланысы үзілмей, ығыстырылған сөйлем мүшесін сол сөйлемде сырттай қабыстыра қабылдауға мүмкіндік туады. Ал осындай грамматикалық қатынас, әрине, мәтін арқылы реттеледі. Бұл тұрғыда ғалым Ж. Жақыповтың: «Бұдан біз мәтін деген – тұтас нәрсе, ал сөйлем деген – соның бөлшегі деген ойға келеміз. Сөйлемді коммуникативтік тұлға ретінде түсіну үшін сол сөйлемдердің, бөлшектердің аясында қалмау керек. Коммуникация аяқталуға ұмтылады. Демек, сөйлемнің коммуникативтік қызмет атқаруы үшін контекст аса қажет. Сөйлем бар жерде контекст бар. Ал сөйлем мен контекстің арақатынасы біздің мөлшерімізше, бөлшек пен бүтіннің арақатынасының нақты бір көрінісі» [6, 126 б.], – деген тұжырымдарын басшылыққа алған орынды.

Ал ықшамдалудың күрделі түрінде сөйлем құрылымында грамматикалық, стилистикалық мақсаттармен астарласқан сапалы өзгерістер бой көрсетеді. «Өйткені сөйлем мүшелерінің түсірілуі контекст, ситуация, стильдік құрылымға байланысты» [7, 26 б.]. Яғни, толымды сөйлемдер толымсыз сөйлемдерге, екі құрамды жай сөйлемдер бір құрамды жай сөйлемдерге, мүшеленетін сөйлемдер мүшеленбейтін сөйлемдерге өту үдерісі табиғи көрініс табады. Осылайша суреткер сөйлем құрылымын әр қырынан құбылтып, тек лексикалық бірліктер ғана емес, синтаксистік құрылымдардың да эмоциялы, модалді, экспрессивті мәндерді құбылтуға бейімділігін шеберлікпен дамытады. Дәлірек айтсақ, оларды ойды бейнелі, нанымды суреттеудің стильдік құралына айналдырады.

Бүгінде үнемдеудің әсерінен бір құрамды толымсыз сөйлемдердің грамматикалық құрылымының қалыптасу ерекшелігін байқауға болады. Мысалы: Айт! (М. Ә.). Болды! (М. Ә.). Жарайды (М. Ә.). Тоқтайды! (М. Ә.). Тоқта! (М. Ә.). Осы! (М. Ә.). Осыдан басқа жоқ! (М. Ә.). Ұқтық, ұқтық (Е. Д.). Қалыпты толымды сөйлемдерге қарағанда бір мүшелі толымсыз сөйлемдер ерекше интонацияға ие болып, дауыс ырғағының жоғары тонымен дараланады. Сөйтіп, эмоция, субъекті көзқарасының астары табиғи негізде, белгілі-бір қажеттіліктен осындай жинақы құрылымды қалыптастырады.

Синтаксистік бірліктердің құрамындағы негізгі модалді мәнді реттеп тұратын жекелеген бірліктердің рөлі бар. Мәселен, кейде модалді реңкі басым модаль сөздер, одағайлар, эмоциялық зат есімдер, сын есімдер сөйлемнің негізгі құрылымдық белгілерін, тұтас құрылымда көрініс беретін эмоциялы-модалді мәнді жинақтап, ақпаратты жеткізу қызметін меңгеретін тұстары да болады.

Бұл жағдайда аталған бірліктер субъектінің ақпаратты толық қабылдауын, ойдың астарын толық ұғынуға мүмкіндік жасайды да, сөйлемдік дәрежеге көтеріледі. Соның нәтижесін-

де олар мүшеленбейтін жай сөйлемдердің бір тобы ретінде қабылдануда. Тіпті, олар іштей: атаулы, генетив, вокатив, одағайлардан жасалған сөйлемдер, модаль сөзді сөйлемдер, коммуникемдер деп бөлініп жүр.

Жеке сөзді немесе сөз тіркесін айрықша сөйлемдік интонациямен айту арқылы жасалатын атаулы сөйлемдердің субъективтік көзқарасты ашуға қатысы бірдей емес. Олардың ішінде субъектіні бағалауды астарлап тұратын түрлері ғана модалді мәнге ие. Мысалы: Қайран Базаралы-ай! (М. Ә.). Не деген айықпас, қараңғы қара ну! (М. Ә.). Берілген атаулы сөйлемдер бағалаумен астарласқан өкінішті жеткізудің негізгі амалы ретінде көзге түскен.

Тілдегі үнемдеу заңдылығының әсерінен қалыптасқан генетив сөйлемдерді модалді мәні басым сөйлемдер деп бағалауға болады. Қазақ тіліндегі мүшеленбейтін сөйлемдердің құрылымын зерттеуде Ж. Ибраимова генетив сөйлемдердің бойынан «сөйлеушінің айтылған дерекке байланысты эмоциясы айқын сезіліп тұрады» -деп назар аудартады [8, 14 б.]. Генетив сөйлемдерде субьектаралық бағалауды асырмалау, жоғарылату не төмендету басым. Сондықтан да сөйлеу әрекетінде субьектіні бағалауда бұл құрылымдарды жиі қолданамыз. Тілдік деректерге назар аударсақ, төмендегі қолданыстар әдеби шығармаларда өте белсенді: Кер асқақтың сөзін-ай(М. Ә.). Құйқылжыған қырын-ай (М. Ә.). Майдай жағуын-ай (М. Ә.). Қалтасына салғышын мұның (М. Ә.). Тілін бұл неменің (Е. Д.). Қылығыңның сазасы (Е. Д.).

Сөйлем құрылымындағы қаратпа сөздердің де сөйлеушінің эмоциялы, модалді көзқарасын даралайтын қызметтері бар. Қаратпалардың аталған қызметі негізгі ойды жинақтап беру дәрежесіне көтереді де, қалған сөйлем мүшелерінің синтаксистік қызметі маңызсыздануы мүмкін. Бұл жағдайда қаратпалар әрі эмоцияны, әрі субъективтік көзқарасты жинақтап көрсетіп, жетекші қызметтегі синтаксистік құрылымдар ретінде дараланады. Қаратпалардың осындай қызметіне қарай «вокативті сөйлемдер» деп жіктеу грамматикада орныққан. Оларды дербестікке, сөйлемдік дәрежеге жеткізген негізі белгісі – сөйлеуде белгілі бір субъективтік көзқарасты бере алу қабілетімен өлшенеді. Мысалы: Ақыл аға!. Абай аға! (М. Ә.).

Осындай қабілетті меңгерген жағдайда (сөйлемдегі негізгі ойды жеткізе алатындай қызметті меңгерген жағдайда) одағайлардың да жеке сөйлемдік дәрежеде қабылдануы көзге түседі. Бұл туралы Ж. Ибраимова: «Одағай сөйлем құрамына енбеген жағдайда, яғни жеке дербес тұрғанда, сөйлемдік қызмет атқарады. Біздің ойымызша, хабарлау мағынасы бар құрылымдарды ғана сөйлеу әктісі деп қоймай, сонымен бірге, эмоционалды-экспрессивтік қызметі бар құрылымдарды коммуникация единицасы деп алған жөн. Мысалы, домбыра шертіп отырған балаға тыңдаушылар «Бәрекелді» деп қол соққанда, бала тыңдаушылардың күйге разы болған сезімдерін аңғарып, өзінің күйді жақсы орындағаны жайында хабар алады. Немесе ат үстінде шауып келе жатқан кісі алыстан «Сүйінші» деп айқайласа, ауыл адамдары одан «Мен жақсы хабар әкеле жатырмын» деген информацияны қабылдайды. Басқаша айтқанда, «сүйінші» сөзі сөйлеуші мен тыңдаушы арасын байланыстырып, екі жақты ұғымды білдіреді...» [8, 16 б.]. Автордың одағайлардың мүшеленбейтін сөйлем дәрежесіндегі тұжырымдарын құптай келе, олардың осындай дербестікке ие болуына тілдегі мақсатты ықшамдандың әсері барын айта кеткен орынды. Яғни, мүшеленбейтін сөйлемдердің қызметіне жету үшін, одағайлардың да белгілі бір сөйлем құрылымында айтылуы, сол сөйлем бойында негізгі эмоциялы немесе модалді мәнді айқындау қызметі оны құрылымдық дербестенуге әкеледі де, қалған сөйлем мүшелерінің бірте-бірте маңызсыздануы жүзеге асады. Одағайлардың сөйлем құрылымындағы бастапқы қолданыстары басқа сөйлем мүшелерімен мағыналық байланыста болғанын, сөйлемдік дәрежедегі қызметінің сатылай қалыптасқанын төмендегі мысалдар негізінде көз жеткізуге болады. Мысалы: Әттеген-ай, ұрын баратын жастан асып кеткеніңді қарашы (Ә. К.). Мысалға назар аударсақ, субьектінің өкінішті көзқарасы одағайдың грамматикалық қызметімен дараланған, яғни бұл сөйлем құрылымында одағай сөз – модалді мәнді ажыратуда жетекші қызметте тұр. Осындай сөйлем құрамындағы одағайлар негізгі ойды, әсіресе, субьекті эмоциясын даралауда жетекші қызметті игеріп, келе-келе сөйлеу әрекетінде жеке коммуникация бірлігі ретінде танылып, құрылымдық дербестікке ие болады. Сондықтан

төмендегі мүшеленбейтін одағайлы сөйлемдердің барлығын бірте-бірте қалыптасқан грамматикалық құрылымдар деп қабылдаймыз. Мысалы: Тек! Тантымай сөйле! (М. Ә.). Масқара! (М. Ә.). Шіркін! (М. Ә.). Па-а деген! (М. Ә.). Алда, жігіт-ай (М. Ә.). Түү! Өнеріңнен айналайын! (М. Ә.). Бәрекелді! Абай аға! (М. Ә.). Жә! Тәкежан мырза!(М. Ә.). Ойпыр-ай! (М. Ә.).

Кейде модалді мәнді жеткізуде ешқандай синтаксистік мүшеленуге келмейтін «Бүйтіп сенат болғандарыңа» (Ә. К.) деген құрылымдағы қолданыстарды жиі кездестіреміз. Бұларды Ж. Ибраимова «коммуникемдер» деп арнайы талдаған. Автор олардың басты ерекшелігі ретінде: мүшеленетін сөйлем беретін мағынаны бойына жинақтап көрсететінін, иә, жоқ сияқты мүшеленбейтін сөйлемдердің мағынасына сай жұмсалатынын және эмоциясы басым болып келетінін тілге тиек етеді [8, 20 б.]. Коммуникемдерді де модалді мәнді даралауда субъекті көзқарасын ажыратушы белсенді құрылымдар деп бағалауға болады. Мұнда субъектінің оң не теріс бағалауы, онымен жарыса көрініс беретін құптау, құптамау модалді мәндері қоса ілесіп отырады. Мысалы: Қысылғаныңа көрінсін (М. Ә.). Заржағын қарашы (М. Ә.). Әу, бір құдай, бір құран (М. Ә.). Енді міне! (М. Ә.). Бірақ не керек (М. Ә.). Не көрмеген басым (М. Ә.). Қасымнан бетер қайным-ау (М. Ә.). Дегенің болсын(М. Ә.). Төреңе құлдық (Е. Д.). Адыра қалсын да (Е. Д.). Қой дегенім қайда(Е. Д.). Солай ма!?(Е. Д.). Әттең, әттең... арманды жалғыз басым!(Е. Д.). Қайтермін!?(Е. Д.). Тозығы жеткен дүние (Е. Д.). Бүгін-ақ (Е. Д.).

